

УДК 291

## **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНТАНУЛЫҚ БІЛІМНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ**

**Бидолда Жайқал Болатбекқызы**

bidoldazhaikal@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Дінтану кафедрасының 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Кабылова А.С.

2016 жылдан бастап Қазақстан мектептерінде «дінтану» пәнін міндетті түрде оқыту енгізілді. Бұл пәнді енгізуге 7000-нан астам дінтану пәнінен беретін мұғалімдерді даярлауға, оқу-әдістемелік құралдар жазуға қомақты қаржы бөлінді. Десе де, мектептегі дінтану сабақтарының төңірегінде бұл пәнді енгізудің тиімділігі мен қажеттілігі туралы пікірталастар кеңінен жүріп жатыр. Мектептердің дінтану курсымен жаппай қамтылуына байланысты Қазақстанда кадрлық және осы сабақтың оқу-әдістемелік құрал-жабдықтары туралы өзекті

мәселе туындауда. Бүгінгі таңда дінтану сабақтары әлі де болса сапалы оқу-әдістемелік базамен, білікті ұстаздар құрамымен толық қамтамасыз етілмеген. Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, мектептерде дінтану пәнін енгізу өзекті болып табылады және айтарлықтай пайдалы болуы мүмкін, бірақ тек сапалы және жоғары білікті оқытумен ғана.

2004 жылы Президенттің «Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын-алу және тью жөніндегі шаралар туралы» жарлығын іске асыру шеңберінде Қазақстан мектептерінде «Дінтану негіздері» элективті курсы енгізілді [1]. Бұл пәнді енгізу – жастар арасында экстремизм мен терроризм идеяларын қабылдамайтын толерантты сананы қалыптастыруға, дін туралы жалпы білім деңгейін арттыруға, қазіргі діни ахуалды бағалауға және түсінуге қажетті мемлекеттік шаралардың бірі болып табылады [2]. 2013 жылы Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың 2017 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, оның аясында орта білім беру ұйымдарында мектеп оқушыларын 100 пайыз дінтану сабағымен қамту жоспарланған [2]. Осылайша, осы мақсатты жүзеге асыру үшін 2016 оқу жылынан бастап Қазақстан мектептерінде 9-сыныптан бастап «Дінтану негіздері» факультативтік курсының орнына «Зайырлылық және дінтану негіздері» міндетті пәні енгізілді. Пәннің 9-сыныптан бастап енгізілуінің себебі, «Penal Reform International» халықаралық үкіметтік емес ұйымының Орталық Азиядағы кеңсесінің мәліметтері бойынша, террористер қатарына негізінен 14-29 жас аралығындағы адамдар тартылады [3].

1990 жылдардың аяғына дейін білім беру саласы дамыған елдерде секуляризация процесі жүріп жатты, діндер оқу бағдарламаларынан ығыстырылып шығарылды. Алайда, 2001 жылы 11 қыркүйектер АҚШ-та болған лаңкестік әрекеттен және діни экстремизм қаупінің күшеюінен кейін мемлекеттік білім беру бағдарламаларын қайта қарау жүргізілді [4]. Дүниежүзінің 70-тен астам елі мемлекеттік мектептерде дінтану сабағының қажет екенін мойындап, пәннің сипаты мен түрлі тәсілдердің орындылығы талқыланып жатыр. Дегенмен, барлық елдер бір нәрсеге келіседі – білім алушылардың толеранттылығы мен діндерді түсіну қабілетін дамыту үшін жоғары сапалы оқу материалдарымен білікті оқыту қажет.

Сонымен қатар, Қазақстанда білікті кадрлардың тапшылығы айқын байқалады және бұл дінтану пәні мұғалімдерінің, дінтану пәнінен сабақ беретін дайындығы бар мұғалімдердің және дінтану кафедралары түлектерінің санының аздығынан болып отыр. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы мәліметі бойынша Қазақстанда 2021-2022 жылдардағы жағдайға байланысты 7450 жалпы білім беретін мектеп бар [5]. Мектептерде дінтану пәнін енгізу үшін әр мектепте кемінде бір дінтанушы маман болуы керек. Ал, Алматы мен Астанадағы мектеп директорларының өзі дінтану сабағына қажетті кадр мәселесінде бас қатырса, аймақтарда бұл жағдай тіптен ушығып тұрғаны айдан анық. Бүгінгі таңда дінтану пәні мұғалімдерінің көпшілігі қайта даярлау курстарынан өткеннен кейін біліктілігін алған тарих, география пәндерінің сырттай оқытушылары болып табылады. Дінтану пәні мамандығына (мысалы, тарих) сәйкес профильденгеніне қарамастан, мұғалімдердің біліктілігі күмән тудырады. Дінтану пәнін өз деңгейінде оқытатын кәсіби мамандар жетіспейді. Бұл жағдай дінтану пәні мұғалімдеріне белгілі бір біліктілік талаптарының болмауымен байланысты. Дінтанулық білім беру осылай жалғаса беретін болса, жастар арасында радикалды діни идеологияның таралуына қарсы күрестің тиімді тетігі болмасы анық.

Ең алдымен, кадрлардың біліктілігі мәселесі қайта даярлауға бөлінген сағаттарды жетіспеушілігімен байланысты. «Азия Центр» журналының сарапшысы Данияр Сәбитовтың айтуынша, мұғалімдер жұмыстың көптігінен (екі пәнге дайындық, іс-қағаздар, қоғамдық жұмыс және тағы басқа) материалды егжей-тегжейлі оқып, пәнге дайындалуға уақыттары жоқ [6]. Сонымен қатар, мұғалімдер ең алдымен олар үшін негізгі болып табылатын пәнге көбірек көңіл бөлетін болады. «Дінтану» мамандығы бойынша жоғарғы оқу орнын тәмәмдаған мамандар мектепке штаттық бірлікте жұмысқа тұра алмайды. Себебі, дінтану курсына жылына небәрі 34 сағат немесе аптасына бір академиялық сағат бөлінеді, ал мектепте жұмыс істейтін мұғалімнің жүктемесі аптасына 40 сағат құрайды.

Қазақстанда дінтану курстарын ұсынатын университеттердің саны әлі де жеткіліксіз. Жалпы Қазақстандағы философия және дінтану тарихы 1976 жылы 1 маусымда «Қазақ КСР Ғылым академиясының» құрылуынан және 1955 жылы Ғылым академиясы жүйесінде философия және құқық секторының құрылуынан басталады. 1958 жылы Философия және құқық секторы Қазақ КСР Ғылым академиясының Философия және құқық ғылыми-зерттеу институты болып қайта құрылды, оның негізгі міндеті философиялық, дүниетанымдық, әдіснамалық, дінтанулық зерттеулерді жүргізу болды. Гуманитарлық ғылымдардың сапасына тек қазақ, сондай-ақ бүкіл кеңестік, дінтану ғылымының идеологияланған атеистік дүниетаным парадигмасына күштеп қосылуы сөзсіз әсер еткенін айта кеткен жөн. Осыған сәйкес қазақстандық дінтану ғылымының қалыптасу кезеңінде зерттеу мәселелері дін тарихына, еркін ойлауға, ғылыми атеизм теориясына бағытталады. Сонымен қатар, жалпы алғанда, кеңестік зерттеулердің көпшілігінде қойылған мәселе бұрмаланған, кейде жай ғана үнсіз қалғанын атап өткен жөн. Қазіргі заманда тек ғылыми-зерттеу жұмыстары ғана емес, 1992 жылдан бастап дінтану, діни білім беру жұмыстары жүргізіліп, сол жылы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде дінтанушы мамандар оқытыла бастады.

Мәдениет және спорт министрлігінің Дін істері жөніндегі ғылыми зерттеу және талдау орталығының мәліметіне сүйенсек, бүгінде еліміздің жоғарғы оқу орындары дінтану мамандығы бойынша мамандарды дайындайды:

6 жоғары оқу орнында бакалавр деңгейінде (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Е. Бөкетов атындағы ҚарМУ, «Нұр-Мұбарак» Египет ислам мәдениеті университеті, Х.Ясауи атындағы ХҚТУ, Шет тілдер және іскерлік карьера университеті)

Осының ішінде 5 ЖОО дінтанушы-мамандарды – магистратура деңгейінде (Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ басқа)

2 ЖОО PhD докторларын даярлайды (Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ мен «Нұр-Мұбарак» университеті)

Дінтану курстарын ұсынатын университеттердің жартысы Алматыда, қалғаны Астана, Қарағанды және Түркістанда. Осылайша, білім беру мекемелерінің төрт қалаға шоғырлану мәселесі туындап, еліміздің басқа қалаларының тұрғындары тұрғылықты жерін ауыстырмай, тиісті білім алу мүмкіндігінсіз қалып отыр. «Penal Reform International» халықаралық үкіметтік емес ұйымының аймақтық директорының айтуынша, лаңкестердің қатарына қосылуға батыс және оңтүстік аймақтар көбәрек бейім [3].

Мектеп мұғалімдері дінтану саласындағы біліктілікпен қатар, осы сабақты оқытудың қағидалары мен мәдениетіне де машықтануы қажет. 2007 жылы Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюро (ДИАҚБ) консультативтік кеңесі мен дін немесе сенім бостандығы бойынша сарапшылар тобы әзірлеген Мемлекеттік мектептерде діндер мен нанымдарды оқытуға арналған Толедо нұсқаулығына сәйкес, дінді оқытуда бейтарап болу керек [7]. Қазақстандағы дінтану пәнін оқытудағы бейтараптық мәселе күйінде қалып отыр. Бұл жағдай тек қазақстандық мектептерде ғана емес. Канададағы бірқатар Еуропа елдеріндегі мемлекеттік мектептерінде бейтарап болу қиынға соғады. Осылайша, Канададағы дінтану мұғалімдерінің зерттеуі «бағдарлама бейтарап болуы мүмкін, бірақ мұғалімнің жеке басы емес, мұғалім тек бейтарап мазмұнды ұсына алады және әртүрлі көзқарастарды ұсына алады» деген қорытындыға келді [8].

Қазақстан билігі алға қойған мақсаттарға жету үшін мектептердегі дінтану тек жаңа білім алуды көздейтін қарапайым мектеп пәніне айнамай, жастардың толеранттылығын, айырмашылықтары арқылы бірлікке жетелеуі керек. Дін өкілдері, мектеп оқушыларының ата-аналары және БАҚ мәліметтері арасында жүргізілген сауалнама мектептерде дінтану пәнін оқытудағы бірқатар осал тұстарды анықтады: сапасыз оқулықтар, біліктілігі, дайындығы төмен мұғалімдер. Дінтанулық білім егемен Қазақстанның алдында тұрған міндеттер тұрғысында қайталанбас рухын сақтап, кәсіби мәртебесін нығайта отырып, қай істе де заман көшінен қалмай, жоғарыда айтылған мәселелердің барлығы шешіледі деп сенемін. Бұл шаралар толерантты сананы қалыптастыру, діни негіздегі лаңкестік қауіп-қатердің алдын алу және діни сенім бостандығы мақсатын жүзеге асыру үшін қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Президенттің «Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын-алу және тыю жөніндегі шаралар туралы» жарлығы (2010), <https://adilet.zan.kz/kaz>
2. Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама туралы, <https://adilet.zan.kz/kaz>
3. Шамбилов А. (2017), Доклад регионального директора PRI на Национальном форуме по вопросам радикализации заключенных и противодействия насильственному экстремизму в тюрьмах Казахстана, май 2017, <https://www.zakon.kz/>
4. Barnes, L., Ph. (2014), Education, Religion and Diversity, p.280.
5. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы <https://stat.gov.kz/>
6. Д.Сабитов (2014), Религия и школа
7. Toledo Guiding Principles on teaching about religions and beliefs in public schools prepared by the ODIHR Advisory Council of experts on freedom of religion or belief (2007)
8. Ожиганова А. (2017), Преподавание религии в школе: поиски нейтральности и «культурные войны», стр. 14